


«ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЫНЫҢ БІР ҚҰРБАНЫ»

2020 жылы 24 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы комиссияның Шымкент қалалық құғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмыспы топ мүшесі ретінде Шымкент қалалық полиция департаментінің архивінде еңбектеніп жатқанымызға біраз айдаң жүзі болды. Президент жарлығы кеңестік дәуірдегі саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтауды көздейді. Халқымыздың осы дәуірде көрген зардабы көп. Ақ пен қызыл соғысы, колхоздастыру, тәркілеу, репрессия, аштық, Ұлы Отан соғысы, өзге де күңіреніске толы оқиғалар ұлт жанына жара салмай қоймады. Осындай сан қатпарлы тарих белестеіп жан-жақты зерделеу барысында, 90-жылдары ақтауға ілінбей қалған оқиғалар мен адамдар бар. Эр оқиғаның, әр адамның артында тылсымға толы тарихи астар, мән жатыр. Зерттеушінің міндеті де сол болса керек, яғни тарихи шындықтың қабығы мен дәнін ажыраты алу – арнайы мамандардың асыл парызы. Пайдасы тиіп қалар деген үмітпен һәм кейіпкеріміздің ағайын-туыстары бар болса, көріп-білсін деген ниетпен қолда бар материалдардың кейбірін іріктеп, оқырман қауымға ұсынып отырмыз.

Тау-тау істердің арасында жүзіне мұн тұнған қазақтың жап-жас жігітінің фотобейнесі көзге оттай басылды. «Кім екен?» дедік... Онтүстік өнірінен шықкан қазақтың қара домалак баласы екен. Келес жерінен шықкан Соғыс кезінде тұтқынға түсіп, «Түркістан ле-гионы» құрамында болған.

Ғұмыр жолына зер салсақ, 1917 жылы өмірге келген Мамбетан Ахметовтің әскерге шақырғанға дейінгі мекен-жайы – Оңтүстік Қазақстан облысы Келес ауданы Сырдария ауылы. Оны 1939 жылы Келес райвоенкоматы Қызыл әскерге шақырган. Ол әуелгіде Уфа қаласында 294 мото-атқыштар полкында қызмет еткен. Одан соң Удмурт АССР-ы Глазово қаласында 153-артиллерија полкта, 1941 жылы мамыр айында Каунастағы 4048-артиллерија полкадағы жауынгер боп қызмет кылады. Отзынышы маусым күні Каунастан 30 шақырым жердегі Ивановода ұрықса түсіп, полктің быт-шыты шығады. Сейтіп, «балапан басымен, тұрымтай тұсымен кеткен» шақ орнайды. Ол 4 шілдө күні жанындағы екі қызыл әскермен бірге винтовкаларын тастап, өз еріктерімен немістерге беріледі. Қолға түсken соң 1942 жылдың мамырына дейін Гродно қаласындағы әскери тұтқындарға арналған лагерде болады. Ахметов 1942 жылы маусымда Легино-ва деген жерде өз-еркімен 5-Түркістан батальонына қабылданады. 1942 жылды тамызда Эдмино деген жерде Герма-нияға адап қызмет етуге айт береді. Ол осы жерде Түркістан комитетінің кесемі Уали Каюм-ханды көріп, өзбек тілінде сөз сейлекен. Мәмбетан 1942 жылдың қыркүйек айына дейін Белосток облысынан Суваки деген жерінде тұран екен. 1942 жылдың 16 желтоқсанында Богучар қаласының маңында советтерге қарсы болған алғашқы ұрыста советтер жаққа өтеді. 1943 жылды 29 мамыр айында НКВД жанындағы Айрықша кенес Ахметов Мамбетанды РСФСР ҚҚ 58-1 «б» бабы бойынша 8 жылға сottайды. Кейінгі тағдыры белгісіз. Бәлкім, жазасын өтеп, бостандыққа шықкан болар?

Келестік жігіт Ұлы Отан соғысында біреуінде немістерге, екіншісінде со-веттерге қарсы екі рет ұрықса түсken. Сонымен оның әскери өміrbаяны аяқ-талады. Міне, дүниенін астан-кестенін шығарып, 80 миллион адамды опат еткен Екінші дүниежүзілік соғыстың қаралы бір беті осылай жабылады.



Тарихта қаралау, ақтау деген нәрсе бар. Бұрын ақ болып есептелген жайлар кейіннен қараланып, кара деген нәрсе ақ бол шынып жатады, яғни түстердің осылай онып жататыны – тарих үшін калыпты жағдай. Бұнан себеп – ақиқа-тың құбылмалығы емес, тарихи оқиға-ларға баға беретін адамдардың қателік-тері. Өйткені қателесу – қашанда адамға тән нәрсе. Кеше ғана жарты әлемді билеп-төстеген Кенес империясы тарих сақнасынан ысырылып, бүгінде архивтің еншісіндегі мұрага айналды. Бұл феномен бүгінгі күн үшін үлкен саяси-тарихи мән-мағынаға ие болып отыр. Қолтеген оқиғаларға басқаша баға беріп жатырмыз. Біз қараган материалдардың ішіндегі Түркістан легионы да қазіргі тарих тұрғысынан баға беруге мүқтаж. Француз тарихшысы Клод Дельплан Түркістан легионерлерін: «Қаһарман да емес, сатқын да емес», деген екен (Бұл деректі әдебиеттанушы Мақсат Тәж-Мұрат Легионның тарихын зерттеуші Амантай Кәкеннен алып кел-тиріді). Сонда олар кім болып есептелеуді? Құрбандар... Біз оларды актасақ, тек құрбан ретінде ғана актартмыз, сірә. Бүгінге дейін олар советтік нұсқа бой-ынша сатқын болып келіп еді. Менінше, олардан жалған қаһарман жасаудың да аса қажеті жок.

Ақжол ҚАЛШАБЕК,
ф.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Мұхтармартан» ғылыми
орталығының
ғаға ғылыми қызметкери